

ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУДАҒЫ ЛОГИСТИЯЛЫҚ СХЕМАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЖОБАЛАРДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Нүреке Айтолқын Өмірбекқызы

arpabekov_m@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті 5В090100- «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығының 3 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші - М.И.Арпабеков

Жаппай жүктерді тасымалдау кезіндегі қазіргі кездегі қолданылатын логистикалық сызбалар (темір жолмен тасымалдау – Рига – теңізбен тасымалдау, автомобильмен тасымалдау – Роттердам – теңізбен тасымалдау).



1-сурет Астанадан Ригаға дейінгі логистикасызбасы

Диссертацияда Астанадан Нью-Йоркке дейін жаппай жүктерді тасымалдау кезіндегі барлық тасымалдау көлік түрлері қарастырылған. Жүкті Астанадан Ригаға дейін темір жол көлігімен (4-сурет), одан әрі Рига портынан Нью-Йоркке дейін теңіз көлігімен тасымалдау (4.1-сурет). Транзиттік уақыты 50-60 күн. Тасымалдау құны 10842 долл. 20 контейнер және 12249 долл. 40 контейнер.



2 – сурет Рига портынан Нью-Йоркке дейінгі логистика сызбасы



3- сурет Астанадан Роттердам портына дейінгі логистика сызбасы

Екінші сызба бойынша Астанадан Роттердам портына автомобиль көлігімен тасымалдау (4.2-сурет), одан әрі Роттердам портынан Нью-Йоркке дейін теңіз көлігімен тасымалдау (4. 3- сурет). Транзиттік уақыты 46 күн. Тасымалдау құны 10048 долл. 20 контейнер және 11066 долл. 40 контейнер.



4- сурет Роттердам портынан Нью-Йоркке дейінгі логистика сызбасы

Әрине ұсынылған сызбалар жүкті тасымалдағанға тиімді. Әсіресе екінші сызбаны бірінші сызбамен салыстырғанда транзиттік уақыты және тасымалдаудың өзіндік құны жағынан тиімдірек.

Жаппай жүктерді тасымалдау кезіндегі ұсынылатын логистикалық сызба (Астана – Нью Йорк әуе тасымалы, Франкфурт порты арқылы).



5 – сурет Астанадан Франкфурт портына дейінгі логистикасызбасы

Әлгі ұсынылып отырған логистикалық сызба өзіндік құны және транзиттік уақыты жағынан өте тиімді болып есептеледі. Қазіргі таңда жүк жөнелтушілер мен клиенттер жүктің құнына емес, оның транзиттік уақытына, яғни жылдам және еш бүлінбей жетуіне көп көңіл аударады. Ал ұсынылып отырған логистикалық сызбаның транзиттік уақыты Астанадан Нью-Йоркке дейін 5-7 күн (4.4-4.5 сурет) және тасымалдау құны 11755 долл.



6– сурет Франкфурт портынан Нью-Йоркке дейінгі логистика сызбасы

Көліктің әрбір түрінде техникалық, пайдаланушылық, экономикалық көрсеткіштер болады. Көрсетілген көрсеткіштердің әрқайсысы белгілі бір бағытқа ие және соңында экономикалық түрде бағаланады. Осы көрсеткіштердің кейбірін келтірсек, мұндай техникалық көрсеткіштердің бірі вагонның, жартылай вагонның, тұғырнаманың жүккөтерімділігі екені белгілі. Бұлардың қатарында 70m-дан 300m-ғадейін кеңінен теңселетін автосамосвалдың жүккөтерімділігі деген көрсеткіш бар. Көліктің әр түрлі түрлерін салыстырмалы түрде қарау үшін магистралды көліктің (әуе көлігі, теңіз тасымалы, автокөліктік, теміржол бойымен) тасымалдау арақашықтығы және өнеркәсіптік көлікте шегіну жолы болады. Көлік түрлерін салыстыру кезінде жүкті жеткізу уақыты маңызды көрсеткіш болып табылады. Мұнда көлік түрлерінің тиімділік бағасының белгісіне назар аудару қажет, сурет 1.1-де көрсетілген. Бұл бөлімде тиімділікті келесі көрсеткіштер бойынша бағалауға тырысамыз: жылдамдық немесе жүкті жеткізу уақыты, жүктің сақталуы, тасымалдау құны.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Управление рисками в логистике : учеб. пособие для студ. учреждений высш. проф. образования / Г.Л. Бродецкий, Д. А. Гусев, Е. А. Елин. — М.: Издательский центр «Академия», 2010. — 192 с.
- 2 Неруш Ю.М. Логистика. Учебник для вузов.-2-е изд.перераб. и доп.-М.: ЮНИТИ.-ДАНА, 2000.-389с.
3. Щербаков В.В., Уваров С.А. Современные системы хозяйственных связей и логистика. СПб.: ГУЭиФ, 1997.
- 4 Безель Б.П., Миротин Л.Б. Транспортная логистика. Учебное пособие - М.: МАДИ, 1993.-110с.
- 5 Захаров К.В. и др. Логистика, эффективность и риски внешнеэкономических операций - К.:ИНЕКС, 2000.-237с.